

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Ж.С. Әшімжановқа

2026 жылғы 22 қаңтардағы
№ ДС-15 хатқа

Құрметті Жанарбек Садықанұлы!

Автожол жобаларын іске асыру сапасын арттыру мәселелері бойынша сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Автомобиль жолдарының сапасына мемлекеттік бақылауды күшейту туралы

Қазіргі уақытта мердігер, техникалық және авторлық қадағалау қызметтері, «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК (бұдан әрі – Сапа орталығы) және тапсырыс беруші тарапынан кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын бес сатылы сапа бақылау жүйесі қолданылады. Аталған жүйе материалдарды қолданудан бастап жобалық шешімдердің сақталуына, жұмыстарды қабылдауға және бюджет қаражатының жұмсалуды бақылауға дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды.

Осы модельді толыққанды іске асыру мақсатында заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, техникалық және авторлық қадағалау ұйымдарын аккредиттеу талаптары күшейтіліп, мамандардың жеке жауапкершілігі арттырылды, заң бұзушылықтар анықталған жағдайда әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шаралары көзделді.

Сонымен қатар Сапа орталығының ескертулері жойылмаса, автомобиль жолы объектілерін пайдалануға беруге тыйым салынды. Бұл атүсті қабылдауға жол бермей, анықталған кемшіліктерді міндетті түрде жоюды қамтамасыз етеді.

Аталған шаралар жиынтығы жобалау-сметалық құжаттаманың, құрылыс нормаларының және қолданылатын материалдарға қойылатын талаптардың қатаң сақталуына бағытталған.

Тәуелсіз халықаралық сараптама институтын енгізу туралы

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдалануға берілген автомобиль жолдары учаскелерінің сапасына сараптама жүргізу Сапа орталығына жүктелген және ол объектілерді қабылдау кезінде халықаралық танылған IRI (International Roughness Index) көрсеткіші арқылы жол жабынының тегістігін дербес бақылауды жүзеге асырады.

Бұған қоса ЕРСМ тетігі бойынша халықаралық келісімшарттар енгізілуде, олар мердігердің жобалау, құрылыс және 7 жылға дейінгі пайдалану кезеңіндегі жауапкершілігін көздейді. Бұл объектінің бүкіл өмірлік циклі бойы сапаны бақылауға мүмкіндік береді.

Халықаралық қаржы институттарының қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша қарыз келісімдерінің талаптарына сәйкес сапаны бақылау үшін қаржыландырушы ұйым тарапынан халықаралық консультанттар тартылады.

Мерзімдерді бақылау тетігін енгізу туралы

Автожол жобаларын іске асыру мерзімдері күнтізбелік кестелер негізінде бекітіледі және тапсырыс беруші техникалық қадағалаумен бірлесіп бақылайды.

Мерзімдерді бұзғаны үшін жобаға қатысушыларға жеке жауапкершілік белгіленген. Атап айтқанда жауапты тұлғаларды ауыстыру, тәртіптік жаза қолдану, мемлекеттік сатып алуға қатысу құқығын шектеу және заңнама шеңберіндегі өзге де шаралар көзделген.

Сонымен қатар келісімшарттық міндеттемелердің мерзімдерін бұзған жағдайда мердігер ұйымдарға шарт талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады.

Құрылыс барысын онлайн-бақылау жүйесін құру туралы

Автомобиль жолдарын салу және жөндеу жобаларын іске асыру барысын ашық әрі жедел бақылау мақсатында «Е-Joldar» ақпараттық жүйесі әзірленуде.

Жүйеде «Қоғамдық бақылау» және «Жөндеу» модульдері енгізілуде, олар онлайн-режимде жұмыстардың орындалу барысын қадағалауға, мердігер ұйымдар туралы мәлімет алуға, атқарушылық құжаттаманы жүктеуге және әр жоба бойынша негізгі ақпаратқа ашық қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Қоғамдық бақылау» функционалы жол пайдаланушылардың өтініштерін жедел қарауды қамтамасыз етеді. Жүйені пайдалануға енгізу 2026 жылға жоспарланған.

Мерзімдер мен сапа талаптарын бұзғаны үшін қатаң санкциялар қолдану туралы

Жұмыстардың мерзімдері мен сапа талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада айқындалған және белгіленген тәртіппен қолданылады.

Келісімшарттық міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда мердігер ұйымдар сот тәртібімен жосықсыз жеткізушілер тізіліміне енгізіледі.

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану және тендерлердің ашықтығын қамтамасыз ету туралы

Автожол жобаларын іске асыру республикалық бюджет қаражаты және тартылған халықаралық қарыздар есебінен мердігерлерді іріктеудің ашық әрі бәсекелі рәсімдерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Анықтама:

Республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын жобалар Мемлекеттік сатып алу қағидаларына сәйкес ашық конкурс рәсімдері және барлық қатысушылар үшін тең қолжетімділік негізінде іске асырылады.

Халықаралық қаржы институттарының қарыздары есебінен қаржыландырылатын жобалар, әдетте, шетелдік компаниялардың қатысуымен халықаралық сатып алу қағидалары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң талаптарды, тәуелсіз бағалауды және көпдеңгейлі бақылауды көздейтін ФИДИК стандартты келісімшарттары негізінде жүзеге асырылады.

Аталған тәсілдер мен талаптар «Ақтөбе – Ұлғайсын», «Қарағанды – Жезқазған», «Сарыағаш қаласының айналма жолы» жобалары бойынша конкурстық құжаттамада бекітілген, бұл фаворитизм тәуекелдерін азайтуға және тендерлік рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар халықаралық қаржы институттарының өкілдері жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде қаражаттың мақсатты пайдаланылуына, жұмыстардың орындалуына және белгіленген көрсеткіштердің орындалуына тұрақты аудит пен мониторинг жүргізеді.

Бұдан басқа, автожол саласында төлемдердің, әр жоба бойынша қаражаттың мақсатты жұмсалуды бақылау және артық шығындарды азайту мақсатында цифрлық теңге тетіктерін қоса алғанда, қаржылық бақылаудың цифрлық құралдары енгізілуде.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі инфрақұрылымын күшейту туралы

2024–2028 жылдарға арналған қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасы шеңберінде жол қозғалысы қауіпсіздігі деңгейін арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Осы саладағы басқаруды жүйелеуге, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруге және халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында авариялылықты төмендету шараларын іске асыруға бағытталған Жол қауіпсіздігі стратегиясы әзірленуде.

Сонымен қатар объектілерді пайдалануға енгізгенге дейін ішкі істер органдары тарапынан жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беруді міндеттейтін нормативтік өзгерістер енгізілуде.

Барлық жаңа автожол жобаларында апаттық қауіпті учаскелерде жол қозғалысы қауіпсіздігі инспекциясы жүргізіліп, жол-көлік оқиғаларының себептері анықталып, авариялылықты төмендетуге бағытталған техникалық шешімдер әзірленеді.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде автомобиль жолдарының сапасын арттыру, көлік-логистикалық әлеуетті дамыту, жобаларды іске асыру рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету және бюджет қаражатын тиімді пайдалану бойынша кешенді шаралар іске асырылуда.

О. Бектенов